

Атырау облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 242-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 қыркүйекте № 4239 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 569-бабына сәйкес, VI шақырылған Атырау облыстық мәслихат кезектен тыс XXIV сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Атырау облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Атырау облыстық мәслихаттың экология, табиғат пайдалану және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (Е. Ихсанов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

Б. Әбдешев
Ө. Зинуллин

Атырау облыстық мәслихаттың
2018 жылғы 27 тамыздағы
№242-VI шешіміне қосымша

Каспий теңізінің және Жайық, Қиғаш, Ойыл, Сағыз, Ембі өзендерінің бассейндерінің жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының мөлшері

№п/п	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлем ставкалары
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метрі	143
2	Жылу энергетикасын қоса алғанда, өнеркәсіп (өндірістік қажеттіліктер)	теңге/1000 текше метрі	817,0
3	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метрі	115,1
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метрі	111,3
5	Су көлігі	теңге/1000 текше километрі	27,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК